

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 545 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 қыркүйектегі № 953 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 541 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 541 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 545 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 20, 175-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау , іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 0                                      ж ы л ғ ы                                      1 5                                      қ ы р к ү й е к т е г і  
№                      9 5 3                                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан

Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 153-бабының 8-тармағына, 154-бабының 13-тармағына, 157-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және мыналарды:

бюджеттік инвестициялық, оның ішінде техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу тәртібін;

бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу тәртібін; техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу тәртібін;

сметалық құнын ұлғайту болжанатын бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу тәртібін;

бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды мониторингілеу және бағалауды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган;

2) инвестициялық ұсыныс — тиісті іс-шаралардың жиынтығын қоса алғанда, оның мақсатын, оған қол жеткізу жолдарын көрсететін, бюджеттік инвестициялық жобаны одан әрі дайындау мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері әзірлейтін бюджеттік инвестициялық жобаның тұжырымдамасы;

3) бюджеттік инвестициялық жоба - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын және аяқталған сипаттағы жаңа объектілерді тұрғызуға (салуға) не қолда барларын реконструкциялауға, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді құруға, енгізуге және дамытуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

4) инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы - бюджеттік инвестициялық жоба бойынша негізгі ақпаратты қамтитын, оны іске асыру орындылығын ашып көрсететін құжат;

5) салалық сараптама - инвестициялық ұсынысты және/немесе бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін саланы дамыту басымдықтарына сәйкестігі, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың оңтайлы нұсқасын таңдау мәніне бағалау;

6) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі - негізгі техникалық, технологиялық және өзге шешімдер, сондай-ақ негізгі техникалық-экономикалық параметрлерді айқындай отырып, пайда мен шығындарды экономикалық талдау негізінде жүргізілетін бюджеттік инвестициялық жобаның жүзеге асырыла алатындығын және тиімділігін зерттеу нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын құжаттама;

7) техникалық-экономикалық негіздемені түзету - техникалық шешімдердің

өзгеруіне және қосымша шығыстарға алып келетін жобалық құжаттаманы ( жобалау-сметалық) бекіткенге дейін немесе бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеде көзделмеген қосымша компоненттерді енгізу қажет болған жағдайда жобалау-сметалық құжаттама бекітілгеннен кейінгі бекітілген техникалық-экономикалық негіздемедегі жобаның белгіленген техникалық-экономикалық параметрлерінің өзгеруі;

8) бюджеттік инвестициялық жобаны әзірлеуге және түзетуге арналған техникалық тапсырма - бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптарды, оның ықтимал әзірлеушісіне қойылатын біліктілік талаптарын айқындайтын, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету жөніндегі жұмыстардың мерзімдері мен көлемін регламенттейтін құжат;

9) техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін жобалар бойынша инвестициялық ұсынысқа арналған экономикалық қорытынды - бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың экономикалық орындылығы, жоба мақсаттарының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген экономика саласының (аясының) даму басымдықтарына сәйкестігі мәніне мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы;

10) бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін экономикалық сараптау - техникалық-экономикалық негіздемеде ұсынылған ақпаратты салалық сараптама қорытындысы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа да сараптамалардың қорытындылары негізінде жүргізілетін жобаның іске асырылуын және тиімділігін айқындау мәніне кешенді бағалау;

11) бюджеттік инвестициялық жобаның экономикалық қорытындысы - бюджеттік инвестициялық жобаны іске асырудың экономикалық орындылығы, оның ел экономикасына әсері мен стратегиялық және бағдарламалық құжаттамаларға сәйкестігі мәніне бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасы негізінде дайындалған мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы ;

12) сметалық құн - құрылысқа арналған жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде сметалық нормативтерге сәйкес айқындалатын объектіні (кешенді) салу құны ;

13) бюджеттік инвестициялық жобалардың мониторингі - бюджет қаражатын бөлу сәтінен бастап пайдалануға беру сәтіне дейінгі жаңа объектілерді құру (салу), қолданыстағыларын реконструкциялау барысы туралы ақпаратты жинау және талдау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

14) бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуын бағалау - пайдалануға беру сәтінен бастап жобаның мақсатына қол жеткізу дәрежесін және нақты алынған нәтижелердің жоспарланғандарға сәйкестігін айқындау жөніндегі іс - шаралар жиынтығы ;

15) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның Электрондық порталының бюджеттік инвестициялық жобалар мониторингісінің модулі - жоспарланған және іске асырылып жатқан бюджеттік инвестициялық жобаларды есепке алу мен мониторингі автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе ( бұдан әрі - БИЖ электрондық порталы);

16) бюджеттік инвестициялық жобаның паспорты - бюджеттік инвестициялық жоба туралы жалпы ақпарат;

17) диаграмма - жобаның жоспары мен уақыт бойынша жұмыс дәйектілігі мен кестесінің ұзақтылығын графикалық көрсетуді иллюстрациялау үшін БИЖ электрондық порталында қолданылатын диаграмма;

18) бюджеттік инвестициялық жобаның ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі - жобаның ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілу қажеттілігінің жоспарланған және қол жеткізілген деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер ;

19) бюджеттік инвестициялар бойынша қаржыландыру көздері - бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде сыртқы нарықтарда қарыз алу, концессиялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру және мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы.

## **2. Бюджеттік инвестициялық, оның ішінде техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу тәртібі**

### **1. Бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу тәртібі**

3. Инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, қарау және іріктеу үдерісі мынадай негізгі кезеңдерді қамтитын іс-шаралар кешенін білдіреді:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің инвестициялық ұсыныстарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға беруі;

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік

инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру және бекіту, техникалық-экономикалық негіздемелерін (бұдан әрі - ТЭН) әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу.

4. Инвестициялық ұсыныстарды әзірлеуді мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын әзірлеу кезеңінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

5. Инвестициялық ұсыныстар мынадай құжаттарды қамтуы тиіс:

- 1) инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы;
- 2) бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеудің немесе түзетудің, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізудің құнын негіздейтін ақпарат;
- 3) бекітілген бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН-і бойынша өзгеруі болжамданған техникалық шешімдер көрсетілген салыстырма кестесі, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН-і (бюджеттік инвестициялық жобаның бекітілген ТЭН-і түзетілген жағдайда);
- 4) бюджеттік инвестициялық жобаның ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге техникалық тапсырма;
- 5) инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасы.

6. Инвестициялық ұсыныстың ақпараттық парағы бюджеттік инвестициялық жоба (бұдан әрі - БИЖ) мақсаттарының Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамыту басымдықтарына сәйкестігі туралы, оның ішінде саладағы (аядағы) проблемаларды шешудің ықтимал жолдары туралы ақпаратты, оның негізгі көрсеткіштерін қоса алғанда, БИЖ бойынша жалпы ақпаратты қамтиды.

7. Ақпараттық парақ осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұ с ы н ы л а д ы .

8. БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құнын негіздеу үшін мыналар ұсынылады:

1) құрамдауыштар және оларды әзірлеу мерзімдері бөлінісінде БИЖ ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құнының е с е п т е м е - н е г і з д е м е с і ;

2) құнын және тиісті сараптаманы жүргізетін ұйымды көрсете отырып, қажетті сараптамалардың тізбесі.

9. Түзету болжамданған БИЖ ТЭН-ін қарау үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік органның бірінші басшысының қолы қойылған БИЖ ТЭН-і бойынша өзгертуге болжамданған техникалық шешімдер және/немесе қосымша шығыстар және олар бойынша тиісті негіздемелер көрсетілген салыстырма кестені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте бұдан бұрын бекітілген БИЖ ТЭН-ін ұсынады.

10. БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге техникалық тапсырма мемлекеттік

жоспарлау жөніндегі және сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органдар белгілейтін БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар негізінде жасалады.

Сондай-ақ техникалық тапсырма жобасында мыналар көрсетіледі:  
мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес БИЖ ТЭН-ін ықтимал әзірлеушіге қойылатын біліктілік талаптары;

мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес қолдану саласы және әзірлеушінің міндеттерін шектеу;

БИЖ ТЭН-ін әзірлеудің немесе түзетудің, сондай-ақ оған қажетті сараптамалар жүргізудің болжамды мерзімдері;

Инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы мыналарды қамтуы тиіс:

1) оның одан әрі дамуына әсер ететін саланың ағымдағы жай-күйінің проблемаларын бағалау;

2) БИЖ іске асыру болжанатын қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да жағдайларды бағалау;

3) өнімге/қызметке қазіргі және болжамды (БИЖ-дің тіршілік циклі кезеңіне) сұраныстың немесе осы өңірдегі бәсекелестікті ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктің көрсеткіштерін бағалау;

4) инженерлік-көліктік инфрақұрылымның (теміржол магистральдары, автомобиль жолдары, құбыр жолдар, электр, жылу желілері, су құбырлары, газ құбырлары және басқа инфрақұрылым) болуын бағалау;

5) негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мен БИЖ орналасқан жерін және әсер ету саласын сипаттайтын көрсеткіштерді бағалауды, оның ішінде БИЖ іске асыру үшін қажетті ресурстардың (шикізаттың) болуын және олардың құнын бағалау және бөлуге жоспарланған жер учаскелерін БИЖ талаптарына сәйкестігін бағалау;

6) БИЖ таңдаудың негіздемесімен бірге проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде оны шешудің оңтайлы жолы ретінде қаралған балама нұсқаларды бағалау ;

7) БИЖ іске асырылған және іске асырылмаған жағдайдағы экономика саласындағы (аясындағы) ахуалдың ықтимал нұсқаларын бағалау;

8) БИЖ басқарудың институционалдық схемасын бағалау (негізгі қатысушылар, олардың өзара іс-қимылының схемасы, пайда мен шығындарды бөлу, теңгерім ұстаушылар, инвестициялық және инвестициялаудан кейінгі кезеңдерде БИЖ басқару схемасы);

9) БИЖ бойынша болжамды қатерлерді және оларды азайту жөніндегі іс-шараларды бағалау;

10) БИЖ бойынша есептемелердің негізділігін бағалау.

11. Егер БИЖ-ді республикалық бюджеттің қаражаты есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасын салалық орталық мемлекеттік орган жүргізеді.

12. Егер БИЖ жергілікті бюджет немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

13. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы БИЖ бойынша ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның инвестициялық ұсынысының салалық сараптамасының қорытындысы талап етіледі.

14. Инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасына тиісті саланың мемлекеттік органының бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.

15. БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу жоспарланатын жылдың 25 сәуірінен кешіктірмей бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттар қоса берілген инвестициялық ұсыныстарды қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

16. Болуы инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды жүргізу үшін қажетті құжаттар болмаған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган құжаттар пакеті түскен сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне қайтарады.

17. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің инвестициялық ұсыныстарын инвестициялық ұсыныстарды қараудың және іріктеудің тиісті әдістемелері бойынша, оның ішінде шығындар мен пайданы талдау негізінде (бұл әдістемені қолдану мүмкін болғанда) жиырма жұмыс күні ішінде қарайды және олар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне экономикалық қорытындыны жібереді.

18. БИЖ бойынша инвестициялық ұсыныстар бойынша экономикалық қорытындыны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады және мынадай негізгі мәліметтерді қамтиды :

1) жоба бойынша жалпы ақпарат;  
2) стратегиялық жоспарда айқындалған міндеттерді орындаудан күтілетін нәтиже ;

3) қаржыландыру көздері мен көлемі;  
4) жобаны басқарудың институционалдық схемасының пысықталуы (іске асыру барысында да, инвестициялаудан кейінгі кезеңде де барлық жобаға қатысушылар туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылы);

5) тікелей нәтиженің өлшенетін (сандық) көрсеткіштерінің болуы;  
6) БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеудің немесе түзетудің, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу құны есептемелерінің-негіздемесі;  
7) қ о р ы т ы н д ы л а р .

19. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға 15 мамырдан кешіктірмей бюджеттік өтінімдер құрамында инвестициялық ұсыныстар мен олар бойынша оң экономикалық қорытындыны ұ с ы н а д ы .

20. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық ұсыныстар бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің инвестициялық ұсыныстарын олардың қаржы қаражатымен қамтамасыз етілуі, бюджет заңнамасында көзделген растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және кейіннен тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін олар бойынша қ о р ы т ы н д ы дайындайды.

Тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарылатын инвестициялық ұсыныстар бойынша қорытынды мынадай негізгі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) БИЖ-дің (-дердің) атауы;
- 2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыруына ұсынылатын БИЖ-дің (-дердің) ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті с а р а п т а м а л а р жүргізу құны;
- 3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның қаржыландыруына ұсынылатын БИЖ-дің (-дердің) ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу құны;
- 4) БИЖ-дің (-дердің) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкестігі;
- 5) БИЖ-дің (-дердің) ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге техникалық тапсырманы бағалау;
- 6) нәтиже көрсеткіштерін бағалау.

21. Инвестициялық ұсыныстарда қамтылған бюджет комиссиялары мақұлдаған БИЖ бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган БИЖ-ді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын ТЭН тізбесін қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

22. БИЖ тізбесі, әрбір жоба бойынша атауы мен қаржыландыру сомасы қамтылған, БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуді дайындалуын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті



орган жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен және жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

## **2. Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеу, ұсыну және іріктеу тәртібі**

23. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстарды әзірлеуді мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобасын әзірлеу кезеңінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

24. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін әрбір БИЖ бойынша инвестициялық ұсыныс мынадай құжаттардан тұрады:

- 1) БИЖ-дің ақпараттық парағы;
- 2) БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі - ЖСҚ) әзірлеу (байланыстыру) және оған сараптама жүргізу бойынша есептемелер мен негіздемелер;
- 3) жобалауға тапсырма;
- 4) инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасы.

25. Ақпараттық парақ жоба мақсаттарының Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамыту басымдықтарына сәйкестігі туралы, оның ішінде саладағы (аядағы) проблемаларды шешудің ықтимал жолдары туралы ақпаратты, оның негізгі қаржылық өлшемдерін қоса алғанда, БИЖ бойынша жалпы ақпаратты қамтиды.

26. Ақпараттық парақ осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

27. БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша ЖСҚ әзірлеу (байланыстыру) бойынша негіздеуші есептемелер тиісті негіздеуші құжаттама қоса берілген есептемелерді қамтуға тиіс.

28. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасының қорытындысы мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) оның одан әрі дамуына әсер ететін саланың ағымдағы жай-күйінің проблемаларын бағалау;
- 2) БИЖ-ді іске асыру көзделетін қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да жағдайларды бағалау;
- 3) өнімге/қызметтерге қазіргі және болжамды (БИЖ-н-дің тіршілік циклі кезеңіне) сұраныстың немесе осы өңірдегі бәсекелестікті ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктің көрсеткіштерін бағалау;

4) инженерлік-көліктік инфрақұрылымның (теміржол магистральдары, автомобиль жолдары, құбыржолдар, электр, жылу желілері, су құбырлары, газ құбырлары және басқа инфрақұрылым) болуын бағалау;

5) негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді және БИЖ-нің орналасқан жерін және әсер ету саласын сипаттайтын көрсеткіштерді бағалауды, оның ішінде БИЖ-ді іске асыру үшін қажетті ресурстардың (шикізаттың) болуын және олардың құнын бағалау және бөлуге жоспарланған жер учаскелерінің БИЖ-дің талаптарына сәйкестігін бағалау;

6) БИЖ-ді іске асырудың экономиканың сабақтас салаларына (аясына) болжамды әсерін бағалау;

7) БИЖ-ді таңдаудың негіздемесімен бірге проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде оны шешудің оңтайлы жолы ретінде қаралған балама нұсқаларды бағалау;

8) БИЖ іске асырылған және іске асырылмаған жағдайдағы экономика саласындағы (аясындағы) ахуалдың ықтимал нұсқаларын бағалау;

9) БИЖ басқарудың институционалдық схемасын бағалау (негізгі қатысушылар, олардың өзара іс-қимылының схемасы, пайда мен шығындарды бөлу теңгерім ұстаушылар, инвестициялық және инвестициялаудан кейінгі кезеңдерде БИЖ-ні басқару схемасы);

10) БИЖ бойынша болжамды қатерлерді және оларды азайту жөніндегі іс-шараларды бағалау;

11) БИЖ бойынша есептемелердің негізділігін бағалау.

29. Егер БИЖ-ді республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасын салалық орталық мемлекеттік орган жүргізеді.

30. Егер БИЖ-ді жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру ұсынылған жағдайда, инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

31. Инвестициялық ұсыныстың салалық сараптамасына тиісті саланың мемлекеттік органының бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды.

32. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ЖСҚ әзірлеу (байланыстыру) және сараптама жүргізу жоспарланатын жылдың 25 сәуіріне дейін кешіктірмей осы Ереженің 24-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстардың тізбесін қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

33. Болуы ТЭН-ді әзірлеуді талап етпейтін инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды жүргізуге қажетті құжаттар болмаған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган құжаттар пакеті түскен сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне қ а й т а р а д ы .

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ бойынша инвестициялық ұсыныстарды қараудың және іріктеудің тиісті әдістемелері бойынша, оның ішінде шығындар мен пайданы талдау негізінде (бұл әдістемені қолдану мүмкін болғанда) жиырма жұмыс күні ішінде қарайды және олар бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне экономикалық қорытындыны жібереді.

ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстар бойынша экономикалық қорытындыны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

34. Тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығарылатын инвестициялық ұсыныстар бойынша қорытынды мынадай негізгі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) қажетті құжаттаманың болуы;
- 2) бюджеттік инвестициялардың басымдықтарына сәйкестігі;
- 3) БИЖ-ді басқарудың институционалдық схемасының пысықталуы (іске асыру барысында да, инвестициялаудан кейінгі кезеңде де барлық жобаға қатысушылар туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылы);
- 4) тікелей нәтиженің (белгілі бір көлемде өнім шығару, қызметтер көрсету) және түпкілікті нәтиженің (оларды алушылар үшін өндірілген өнімнің, көрсетілген қызметтердің әсері) өлшенетін (сандық) көрсеткіштердің болуы;
- 5) қатерлерді бағалау тұрғысынан БИЖ-ді іске асыру мүмкіндігі.

35. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган инвестициялық ұсыныстарды олардың қаржы қаражатымен қамтамасыз етілуі, бюджет заңнамасында көзделген растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және кейіннен тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін олар бойынша қорытынды дайындайды.

### **3. Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау және іріктеу тәртібі**

#### **1. Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау тәртібі**

36. БИЖ-ді қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган және сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп айқындайтын БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген

ТЭН және БИЖ-дің ТЭН-ге экономикалық сараптама қорытындысы негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

37. БИЖ-дің ТЭН-і әзірленгеннен және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін сараптамалар жүргізілгеннен кейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері олардың түпнұсқаларын БИЖ-дің ТЭН-інің электронды нұсқасын, оның ішінде БИЖ бойынша қаржылық-экономикалық үлгілерін ұсына отырып мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

38. БИЖ осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысанда берілетін экономикалық қорытындысы БИЖ-дің экономикалық талдауын кешенді бағалаудың міндетті нысаны болып табылады және осы Ереженің 36, 44 және 45-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық пакеті келіп түскеннен кейін қырық бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі, онда тиісті заңды тұлғалар жүзеге асыратын БИЖ-дің ТЭН экономикалық сараптамаға отыз жұмыс күні беріледі.

39. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган құжаттар пакеті түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды мына жағдайларда бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қайтарады:

1) олардың болуы БИЖ-ге экономикалық сараптама жүргізу үшін қажет сараптамалардың болмауы;

2) БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге ТЭН-де белгіленген талаптарға сәйкес қажет бөлімдердің болмауы.

40. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган БИЖ-ді БИЖ-дің ТЭН-ге экономикалық сараптамасының қорытындысына есепке ала отырып қарайды және ол бойынша экономикалық қорытындыны бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жібереді.

41. Республикалық БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға жүзеге асырады.

42. Жергілікті БИЖ ТЭН-інің, сондай-ақ республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланған жергілікті БИЖ ТЭН экономикалық сараптамасын жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

43. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган БИЖ-дің ТЭН-і бойынша құжаттардың толық пакеті түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ТЭН түпнұсқалары мен тиісті сараптамаларды қоса бере отырып, заңды тұлғаға БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптама жүргізу қажеттілігі туралы хат жібереді.

44. БИЖ ТЭН-інің экономикалық сараптамасы ұсынылған БИЖ ТЭН-інің және жобаның ерекшелігіне байланысты талап етілетін сараптамалардың тиісті оң қорытындылары негізінде жүргізіледі, атап айтқанда:

1) жобалардың мемлекеттік сараптамасын жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлғаның мемлекеттік с а р а п т а м а с ы ;

2) салалық органның сараптамасы;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның экологиялық с а р а п т а м а с ы ;

4) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама;

5) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау саласындағы уәкілетті органның с а р а п т а м а с ы .

45. Құрылыс қызметін көздейтін БИЖ бойынша салалық сараптама, ТЭН-ге мемлекеттік, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптама қорытындылары, сондай-ақ ТЭН-ді әзірлеу тапсырмасына қоса берілетін құжаттардың көшірмелері, оның ішінде техникалық шарттар, жаңа объектілерді салуды көздейтін жобалар бойынша жер учаскелерін бөліп беру туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері (қажет болған жағдайда жер учаскелерінің иелері мен жер пайдаланушылар залалдарының, алып қойылатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісі шығындарының есебін қоса бере отырып) және жұмыс істеп тұрған объектілерді қалпына келтіруді көздейтін жобалар бойынша жылжымайтын мүліктің тиісті құқық белгілейтін құжаттарының көшірмелері талап етіледі.

Құрылыс қызметін қамтитын БИЖ-дің ЖСҚ ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ-ді қоспағанда, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті сараптамадан өткен ТЭН бекітілгеннен кейін әзірленеді.

Ақпараттандыру саласындағы БИЖ бойынша салалық сараптама және ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қорытындысы т а л а п е т і л е д і .

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қорытындысы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) БИЖ ТЭН-інің БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаға сәйкестігін бағалау;

2) саланың ағымдағы жай-күйінің проблемаларын бағалау. Бұл бөлімде құрылып жатқан БИЖ-дің іске асырылуы арқылы шешілетін сала проблемасы а й қ ы н д а л а д ы ;

3) БИЖ-ді іске асыру көзделетін қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да жағдайларды бағалау. Бұл бөлімде БИЖ-дің сыртқы ортасы, оның ішінде құрылып жатқан жобаны іске асыру көзделген қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, табиғи-климаттық, құқықтық және басқа да шарттар, сондай-ақ көрсетілген шарттардың құрылып жатқан жобаның іске асырылуына ә с е р і с и п а т т а л а д ы ;

4) технологиялық және техникалық шешімдерді бағалау. Бұл бөлім жоба шеңберінде сатып алынатын жабдықтардың техникалық сипаттамаларының БИЖ ТЭН-інің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін бағалау, жабдықтың мемлекеттік және әлемдік стандарттарға сәйкес таңдалуын бағалау, қазіргі күні пайдаланып отырған жабдықтың технологиялық сәйкестігін бағалау;

5) БИЖ бойынша шығыстарды оңтайландыру мақсатында электронды үкіметтің базалық компоненттерімен құрылып жатқан ақпараттық жүйелердің кірігу мүмкіндігін бағалау;

6) құрылып жатқан ақпараттық жүйелер шеңберінде электронды мемлекеттік қызметтер көрсету мүмкіндігін белгілеу. Бұл бөлімде құрылатын ақпараттық жүйелер арқылы электронды мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну мүмкіндігінің болуы немесе болмауы көрсетіледі;

7) қолданыстағы ақпараттық жүйелер шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері құрған БИЖ-дің іске асырылу дәйектілігін, орындылығын және нәтижелілігін бағалау;

8) құрылып жатқан ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалау;

9) БИЖ-ді таңдаудың негіздемесімен бірге проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде оны шешудің оңтайлы жолы ретінде қаралған барлық шешімдердің баламалы нұсқаларының талдауын қамтитын қаралған баламалы нұсқаларды бағалау;

10) БИЖ іске асырылған және іске асырылмаған жағдайдағы мүмкін болатын тәуекелдерді бағалау.

Инновациялық және/немесе ғарыштық қызметті көздейтін БИЖ бойынша салалық сараптама және мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы талап етіледі.

46. БИЖ-дің салалық сараптамасы мен мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы мынаны көздейді:

1) БИЖ ТЭН-інің БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаға сәйкестігін бағалау;

2) саланың одан әрі дамуына әсер ететін оның ағымдағы жай-күйінің, проблемаларын бағалау;

3) БИЖ іске асыру көзделетін қазіргі саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да жағдайларды бағалау;

4) өнімге/қызметтерге қазіргі және болжамды (БИЖ тіршілік циклі) сұраныстың немесе осы өңірдегі бәсекелестікті ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктің көрсеткіштерін бағалау;

5) БИЖ-ді іске асырудан болатын пайда мен шығындарды бөлуді бағалау;

6) БИЖ ТЭН-де қабылданған технологиялық, техникалық шешімдерді оның

ішінде БИЖ-ді іске асыру кестесін бағалау;

7) бағалық шешімдерді бағалау, БИЖ ТЭН-інде келтірілген оның ішінде инвестициялық және пайдалану шығындарының барлық компоненттері бойынша баға-сапа қатынасының тиімділігін тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге жоспарланған бағаларды тиісті нарықтық бағалармен салыстырылуын бағалау;

8) БИЖ таңдаудың негіздемесімен бірге проблеманы шешу нұсқасын таңдау кезінде оны шешудің оңтайлы жолы ретінде қаралған балама нұсқаларды бағалау ;

9) БИЖ іске асырылған және іске асырылмаған жағдайдағы экономика саласындағы (аясындағы) ахуалдың ықтимал нұсқаларын бағалау.

47. Басқа мемлекеттердің аумағында іске асыру жоспарланып отырған, сондай-ақ құрылыс қызметі көзделмейтін БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасы БИЖ-дің ТЭН-і және оған салалық орган сараптамасының қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасына БИЖ-ді іске асыру көзделген мемлекеттердің заңнамасына сәйкес талап етілетін сараптамалар және осы қызметті реттейтін тиісті нормативтік құқықтық актілер ұсынылады. Қажет болған жағдайда тиісті сараптамалар мен талап етілетін нормативтік құқықтық актілердің аудармасын қамтамасыз етуді бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асырады.

48. Егер БИЖ-ді республикалық бюджет қаражаты есебінен іске асыру ұсынылса, салалық сараптаманы тиісті саланың орталық уәкілетті органы жүргізеді.

Егер БИЖ-ді жергілікті бюджет қаражаты немесе жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асыру ұсынылса, салалық сараптаманы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын салалық атқарушы орган жүргізеді.

49. Салалық сараптамаға мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен ресми құжаттар үшін белгіленген тәртіппен рәсімделеді.

50. Қажет болған жағдайда БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға белгіленген тиісті заңды тұлға қосымша ақпарат береді және/немесе БИЖ-дің ТЭН-де және жүргізілген сараптамада қамтылмаған және/немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптаманы, сондай-ақ тәуелсіз сараптаманы талап ете алады.

Қажетті ақпаратты ұсыну және/немесе қосымша сараптаманы және/немесе тәуелсіз сараптаманы жүргізу бойынша сауалды тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне сауалдық көшірмесі осы Ереженің 36, 44 және 45-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық пакеті түскен күннен бастап он бес жұмыс күні

ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

51. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері сауал түскен сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты ұсынады немесе ақпаратты ұсыну үшін қосымша бірақ күнтізбелік отыз күннен көп емес мерзімнің қажеттілігі туралы х а б а р л а й д ы .

Сауал жіберілген күннен бастап және қажетті ақпарат түскенге дейін экономикалық сараптама жүргізу мерзімі тоқтатылады.

52. Жүргізілген сараптамада қамтылмаған немесе толық қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша сараптаманы, сондай-ақ тәуелсіз сараптаманы бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қамтамасыз етеді.

Қосымша сараптамаларға мыналар жатады:

- 1) банктік сараптама;
- 2) мемлекеттік сараптама;
- 3) экологиялық сараптама;
- 4) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама;
- 5) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама;
- 6) уәкілетті мемлекеттік органдардың сараптамалары.

Қосымша сараптама немесе тәуелсіз сараптама жүргізу қажет болған жағдайда ұсынылған құжаттар пакеті кейіннен тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жіберу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға қ а й т а р ы л а д ы .

53. БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасының қорытындысын БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға белгіленген тиісті заңды тұлғалар тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ж і б е р е д і .

54. БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасының нәтижелері оң қорытынды немесе теріс қорытынды немесе пысықтауға жіберу қорытындысы б о л ы п т а б ы л а д ы .

БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасының оң қорытындысы құрылымы мен мазмұны БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарға сәйкес келетін және БИЖ ТЭН-інің бекітілген техникалық-экономикалық параметрлері расталатын, сондай-ақ жобаның жүзеге асырылатындығы мен тиімділігінің алғы шарттары бар Б И Ж Т Э Н - і н е ұ с ы н ы л а д ы .

БИЖ-дің ТЭН-інің экономикалық сараптамасының теріс қорытындысы бағалау нәтижелері жобаның БИЖ-дің ТЭН-інің жүзеге асырылмайтындығын және/немесе тиімсіздігін көрсететін БИЖ ТЭН-ге ұсынылады.

Пысықтауға жіберілетін қорытынды мазмұны БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын



талаптарға сәйкес келмейтін және жобаның жүзеге асырылатындығы мен тиімділігі алғы шарттарының болуын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда БИЖ ТЭН ұсынылады.

55. Осы Ереженің 39-тармағында көзделген, сондай-ақ БИЖ-дің ТЭН-ін пысықтау қажет болған жағдайларда бюджеттік бағдарламалар әкімшілері күнтізбелік 60 күн ішінде осы Ереженің 36, 44 және 45-тармақтарында көзделген тәртіпте пысықталған құжаттарды қайта енгізеді.

56. Тиісті сараптаманың оң қорытындысын алған БИЖ-дің ТЭН-і мен ЖСҚ-ны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілері немесе уәкілетті мемлекеттік органдар бекітеді.

## **2. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу тәртібі**

57. БИЖ-ді іріктеу мен тиісті бюджет комиссиясының қарауына ұсынуды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекітілген БИЖ-дің ТЭН-ін экономикалық сараптамасын және қорытындысын БИЖ-дің оң экономикалық қорытындысын ұсынғаннан кейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган іске асырады.

58. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің БИЖ-дің ТЭН-ін олардың қаржы қаражатымен қамтамасыз етілуі растайтын құжаттарының болуы тұрғысынан қарайды және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның БИЖ-ға экономикалық қорытындысын ескере отырып, бюджет комиссиясының қарауына олар бойынша қорытындыны енгізеді.

59. БИЖ-дің бекітілген ТЭН-інің, БИЖ бойынша оң экономикалық қорытындының және тиісті бюджет комиссияның оң шешімінің негізінде БИЖ тиісті бюджет жобасына енгізіледі.

60. Техникалық шешімдердің өзгеруіне және қосымша шығыстарға алып келетін БИЖ-дің белгіленген техникалық-экономикалық параметрлері өзгерген жағдайда, сондай-ақ бекітілген БИЖ-дің ТЭН-де көзделмеген қосымша компоненттерді қосу қажеттілігі жағдайында, Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізу қажет болған жағдайда кейіннен БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге қойылатын талаптарға сәйкес мемлекеттік жоспарлау және сәулет, қала құрылысы мен құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органдар белгілейтін сараптама жүргізе отырып, БИЖ-дің ТЭН-ін түзету жүргізіледі.

Республикалық БИЖ-дің ТЭН-ін түзетуге байланысты шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жергілікті бюджеттен іске асырылатын БИЖ-дің ТЭН-ін, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландыруға

жоспарланған жергілікті БИЖ-ді түзетуге байланысты шығыстар тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

#### **4. Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау және іріктеу тәртібі**

61. ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік өтінімінің құрамында тиісті бюджет комиссиясының қарауына е н г і з і л е д і .

ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ тізбесін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Құрылыс қызметін болжайтын БИЖ-дерге жерге құқық беру туралы жерге орналастыру жобасы (қажет болған кезде жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар залалдарының, алып қойылатын алқаптардың түріне байланысты ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы өндірісі шығындарының есебін қоса бере отырып) қоса беріледі.

62. Тиісті бюджет комиссиясы мақұлдаған ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар тиісті бюджет жобасына енгізіледі.

63. Тиісті қаржы жылының бюджетіне қосылған, ТЭН әзірлеуді талап етпейтін БИЖ бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ЖСҚ әзірлеуді қамтамасыз етеді.

64. Бірыңғай техникалық параметрлері бар жобалар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес үлгі жобаны әзірлеу жүзеге асырылады.

65. Жобаларды іске асыру кезінде үлгі жобаларды қолдану нақты құрылыс алаңына байланыстыру арқылы жүзеге асырылады.

#### **5. Сметалық құнын ұлғайту болжанатын жобаларды қарау және іріктеу тәртібі**

66. Жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі - ЖСҚ) түзетуге немесе оған қосымша компоненттер енгізуге байланысты республикалық БИЖ сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

67. ЖСҚ-ны түзету немесе оған қосымша компоненттер енгізуге байланысты жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті БИЖ сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар тиісті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

68. БИЖ-дің құнын бюджет комиссиясының қарауынсыз және ұсынысынсыз

ұлғайтуға жол берілмейді.

69. Республикалық немесе жергілікті бюджетке енгізілмеген БИЖ бойынша ЖСҚ әзірлеуге жол берілмейді.

70. Бюджеттен қосымша шығыстарға әкеп соғатын БИЖ-дің ЖСҚ-сын тиісті бюджет нақтыланбай түзетуге жол берілмейді.

71. Бекітілген ТЭН-де көзделмеген БИЖ-дің ЖСҚ-ға қосымша компоненттер енгізуге жол берілмейді.

72. Сметалық құнын ұлғайтуды көздейтін республикалық БИЖ-ді қарауды бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

73. Сметалық құнын ұлғайтуды көздейтін жергілікті БИЖ-ді, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланған жергілікті БИЖ-ді қарауды бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

74. Сметалық құнын ұлғайтуды көздейтін БИЖ-ді бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тиісті бюджетті нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

75. БИЖ-дің сметалық құнын ұлғайту мәселелерін шығару тәртібі екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең - бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұсынған құжаттар негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның жобалау құжаттамасын түзету орындылығын айқындау жөніндегі бюджет комиссиясының шешімі.

Екінші кезең - түзетілген жобалау құжаттамасы бойынша ұлғайту құнын қаржыландыру туралы бюджет комиссиясының шешімі.

76. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бірінші кезеңде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) болжанатын қымбаттау сомасы көрсетілген, мемлекеттік орган - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы қол қойған өтінім-хат;

2) мемлекеттік орган - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы қол қойған, мынадай ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба:

бекіткен ТЭН-де қарастырылмаған қосымша құрамдауыштарды немесе ЖСҚ-да техникалық өзгерістерді енгізудің орындылығы;

БИЖ-дің іске асырылуын аяқтау үшін талап етілетін болжамды қосымша шығыстар негіздемесі;

ЖСҚ әзірлеуден бастап БИЖ-ді іске асыру шеңберінде жасалған шарттар туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүргізу нәтижесінде үнемделген сомаларды көрсету;

ЖСҚ әзірлеу басталғаннан бастап жобаны бюджеттен әрбір жыл сайын қаржыландыру. Игерілмеген жағдайларда оның себептері көрсетіле отырып, бұл

ақпарат әрбір жыл үшін жоспармен және фактімен сүйемелденуі тиіс;  
қымбаттауға әкелетін себептерді егжей-тегжейлі көрсету (мердігерлердің бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне шартта көрсетілген құнды (сметаны) өсіру қажеттілігі туралы хаттарының көшірмелерін қоса бере отырып ескерткендігін растайтын);

оның кінәсінен қымбаттау болған ұйым не жеке тұлға, сондай-ақ осы ұйымға не жеке тұлғаға қатысты қабылданған шаралар;  
3) түзетілген ТЭН;

4) БИЖ-дің ерекшелігіне байланысты тиісті уәкілетті органның немесе ақпараттандыру саласындағы тиісті уәкілетті органның (егер жоба ақпараттандыру саласына тиесілі болса) ресми хат нысанда, бірінші басшы қол қойған құнның ұлғаюының және техникалық шешімдердің өзгеруі мен қосымша компоненттерді енгізудің болжамды параметрлерінің негізділігі мен дұрыстығын растайтын қорытындысы;

5) БИЖ-дің сметалық құнының ұлғаюы себебінің негіздемесімен бастапқы құн бойынша ЖСҚ-ның мемлекеттік ведомстводан тыс мемлекеттік құрылыс сараптамасының қорытындысы;

6) бірінші басшы, не оны алмастыратын тұлға қол қойған, мөрмен расталған тиісті саланың уәкілетті органының салалық қорытындысы және БИЖ-дің сметалық құнының ұлғаюы негіздемесі;

7) бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуы, сондай-ақ бұзушылықтардың болмауы тұрғысынан Үкімет уәкілеттік берген ішкі бақылау органының актісі.

Үкімет уәкілеттік берген ішкі бақылау органының актісі ЖСҚ әзірлеуден бастап БИЖ-ді іске асыру шеңберінде бөлінген барлық бюджет қаражатын қамтуы тиіс.

Үкімет уәкілеттік берген ішкі бақылау органының актісіне қойылған күн құжаттарды ұсынған күннен бастап 6 айдан кеш болмауы тиіс;

8) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамада көзделген жағдайларда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығы немесе бюджеттік бағдарлама әкімшінің бастапқы құнға бұйрығы;

9) тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі шыққан сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға БИЖ-дің электрондық порталына, қағаз және электронды тасығыштарда осы Ережеге 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша салыстырма кестесін ұсынады.

Қағаз тасығыштағы салыстырма кесте бірінші басшы не оны алмастырған тұлға қол қойып, мөрмен расталып, ұсынылады;

10) құжаттарды ұсынған күнге дейін бір ай бұрын түсірілген, объектінің

нақты жай-күйі туралы толық көрініс беретін фото, бейне түсірілімдер  
м а т е р и а л д а р ы .

77. Егер БИЖ шет мемлекеттердің аумағында іске асырылған жағдайда, БИЖ-дің бастапқы және түзетілген құнын растайтын, аумағында осы жоба іске асырылып жатқан мемлекеттің құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тиісті құжаттар ұсынылады.

78. Құжаттаманың толық пакеті ұсынылмаған не қымбаттаудың пайда болуының дәл және негізді себептері берілмеген, сондай-ақ кінәлі тұлғалар немесе ұйымдар және оларға қолданылған шаралар (егер ондай болса) көрсетілмеген БИЖ сметалық құнының ұлғаюы мәніне қаралмайды.

79. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 76-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін қарайды және олар бойынша қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

80. Бюджет комиссиясының оң қорытындысын алған кезде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жобалық құжаттамаға тиісті түзетулер енгізеді.

81. Екінші кезеңде бюджеттік бағдарлама әкімшісі БИЖ-дің сметалық құнының ұлғаю себепінің негіздемесімен түзетілген құнға ЖСҚ-ның мемлекеттік ведомстводан тыс мемлекеттік құрылыс сараптамасының қорытындысын бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға енгізеді.

82. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган түзетілген жобалық құжаттамалар бойынша БИЖ құнының ұлғаюын тиісті бюджет комиссиясының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

83. Тиісті бюджет комиссия сметалық құнын ұлғайту болжамдалған іріктеген БИЖ бойынша тізбе қалыптастырылады және бюджет заңнамасында белгіленген тәртіпте тиісті бюджетке енгізеді.

## **6. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды мониторингілеу және бағалау жүргізу тәртібі**

### **1. Жоспарлау кезеңінде бюджеттік инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу тәртібі**

84. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес қағаз және электронды тасығыштарда БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеу жөніндегі іс-шаралардың іске асырылу барысы туралы мынадай ақпаратты көрсете отырып, ақпаратты ұсынады:  
Б И Ж - д і ң а т а у ы ;  
инвестициялық ұсынысты енгізген бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің

а т а у ы ;

БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оған қажетті сараптама жүргізуге қажетті (бөлінген) ақша қаражатының мөлшері;

БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оған қажетті сараптама жүргізу кезінде игерілген ақша қаражатының мөлшері;

БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оған қажетті сараптама жүргізу мерзімдері ;

БИЖ-дің ТЭН-ін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оған қажетті сараптама жүргізу барысы туралы ақпарат.

## **2. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға мониторинг жүргізу тәртібі**

85. БИЖ-ді іске асыруға мониторинг БИЖ-ді тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін нақты алынған нәтижелерді есепті күнге жоспарланғандармен салыстыру арқылы жүргізіледі.

86. БИЖ-ді іске асыруға мониторинг мыналарды көздейді:

1) БИЖ-дің іске асырылу барысы туралы ақпаратты жинау;

2) әрбір уақыт аралығында БИЖ-ді іске асырудың қол жеткізілген көлемін және ТЭН-ге және/немесе ЖСҚ-ға сәйкес шығындарды нақты қол жеткізілген сандық-сапалық нәтижелерді БИЖ-ді іске асыруды жоспар-кестесінде (бұдан әрі - Жоспар-кесте) көрсетілген көрсеткіштермен салыстыру арқылы талдау;

3) БИЖ-ді мониторингілеу нәтижелері туралы есепті (бұдан әрі - Мониторинг бойынша есеп) дайындау.

Нақты көрсеткіштердің бұрын жоспарланғандардан (Жоспар-кесте бойынша) ауытқуы анықталған БИЖ бойынша БИЖ-ді тиімді іске асыру жөнінде ұсынымдар мен шаралар қалыптастырылады.

87. Жобаларды іске асыру мониторингін жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мынадай есептілік құрамында ақпарат ұсынады:

1) жоспар-кесте;

2) мониторинг бойынша есеп;

3) мониторинг бойынша жиынтық анықтама;

4) БИЖ-дің паспорты;

5) ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жоба паспорты;

6) Ганта диаграммасын салу үшін ақпарат;

7) БИЖ-дің ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі;

8) бюджеттік инвестициялар бойынша қаржыландыру көздері.

88. Жоспар-кесте әрбір жоба бойынша есептік көрсеткіштерді айқындайтын құжат болып табылады және БИЖ-дің Электрондық порталына, сондай-ақ қағаз және электронды тасығыштарда бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес ұсынылады.

БИЖ бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген (жергілікті атқарушы органдардың) іске асырылатын БИЖ тізбесін нақтылау шамасына қарай тиісті кезеңге арналған бюджет туралы заңнамалық органның (жергілікті өкілетті органның) шешімін іске асыру туралы ақпаратты нақтылау шамасына қарай бюджеттік бағдарламалар әкімшісі БИЖ бойынша есеппен бірге нақтыланған Жоспар-кестені ұсынады.

Жоспар-кесте бүкіл жоба бойынша, оның құрамдауыштары бойынша және әрбір құрамдауышқа арналған іс-шаралар (жұмыс түрлері) бойынша белгіленген тәртіппен бекітілген жұмыстарды орындаудың және қаржыландырудың жоспарлы көлемін қамтиды.

Бұл ретте жоспарланған жылға арналған орындау және қаржыландыру көлемі тиісті бюджеттік бағдарламамен келісіледі және тоқсандарға бөлінеді.

89. Жоспар-кестеде, сондай-ақ жоспарланған жыл басталғанға дейінгі кезеңге арналған нақты көлем және жоспарланған жылдан кейінгі екінші жылға және кейінгі жылдарға арналған болжамды көлем көрсетіледі.

Жоспар-кесте бекітілген БИЖ-дің ТЭН-і және мақұлданған бюджеттік өтінімнің негізінде қалыптастырылады, ал ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жобалар бойынша ЖСҚ және мақұлданған бюджеттік өтінім Жоспар-кестені дайындаудың негіздемесі болып табылады.

Жоспар-кестеде жобаны іске асыру кезеңі тиісті бюджет комиссиясы мақұлдаған және оған сәйкес есепті кезеңде жобаны қаржыландыру жүзеге асырылатын бюджет өтініміне сәйкес көрсетіледі.

Жоспар-кестеге, Мониторинг бойынша есепке енгізілген жобалар тізбесі тиісті қаржы кезеңіне арналған бюджетті іске асыру туралы заңына (жергілікті өкілді органдардың шешімдеріне) Үкіметтің (жергілікті атқарушы органдардың) қаулыларымен бекітілген Жобалар тізбесіне сәйкес келеді.

Жоспар-кестені, Мониторинг бойынша есепті және Мониторинг бойынша жиынтық анықтаманы іске асыруын мониторингілеуді және дайындауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері Жоспар-кестеде, Мониторинг бойынша есепте және Мониторинг бойынша жиынтық анықтамада көрсетілген ақпараттың сапасы мен толықтығы бойынша заңнамаға сәйкес жауаптылықта болады.

90. Мониторинг бойынша есеп есепті кезеңдегі БИЖ бойынша орындалған жұмыстар мен қаржы қаражатын игеру сомаларының нақты және жоспарланған көлемі туралы ақпаратты қамтиды және БИЖ-дің Электрондық порталына,

сондай-ақ қағаз және электронды тасығыштарда бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Бұл ретте Мониторинг бойынша есептің жоспарлы көрсеткіштері Жоспар-кесте көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

91. Мониторинг бойынша жиынтық анықтама осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

92. Республикалық БИЖ іске асыру жөніндегі ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылатын тиісті орталық уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

93. Жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жергілікті БИЖ-ді сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланған БИЖ-ді іске асыру жөніндегі ақпаратты бюджеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті жергілікті бюджеттерге жатады.

94. БИЖ-ді мониторингілеу кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартуға құқылы.

95. Қажетті ақпаратты бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар БИЖ-дің Электрондық порталына, сондай-ақ қағаз және электронды тасығыштарда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мынадай мерзімдерде ұсынады:

Жоспар-кесте жыл сайын есепті жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей ұсынылады;

Мониторинг бойынша есеп пен Мониторинг бойынша жиынтық анықтама жарты жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 20 тамыздан және 20 ақпаннан кешіктірмей ұсынылады;

БИЖ-дің паспорты жарты жылда бір рет осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі 20 тамыздан және 20 ақпаннан кешіктірмей ұсынылады;

ТЭН әзірлеуді талап етпейтін жоба паспорты жарты жылда бір рет осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі 20 тамыздан және 20 ақпаннан кешіктірмей ұсынылады;

Гант диаграммасын құру үшін ақпарат жарты жылда бір рет осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі 20 тамыздан және 20 ақпаннан кешіктірмей ұсынылады;

инвестициялық жобаны ресурстық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету



жарты жылда бір рет осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі 20 тамыздан және 20 ақпаннан кешіктірмей ұсынылады;

бюджеттік инвестициялар бойынша қаржыландыру көздері жарты жылда бір рет осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі 20 тамыздан және 20 ақпаннан кешіктірмей ұсынылады.

96. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын БИЖ-ді іске асыру барысы туралы жиынтық ақпаратты бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жарты жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі 30 қыркүйектен және 30 наурыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

### **3. Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды бағалау тәртібі**

97. БИЖ-ді іске асыруды бағалау БИЖ-ді тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін нақты алынатын нәтижелерді есепті күнге жоспарланғандармен салыстыру арқылы жүргізіледі.

98. БИЖ-ді іске асыруды бағалау объектіні қолданысқа енгізуден кейінгі жылы бір рет жүргізіледі.

99. БИЖ-ді іске асыруды бағалау мыналарды көздейді:

- 1) БИЖ-дің іске асырылу барысы туралы ақпаратты жинау;
- 2) олардың мемлекеттік органның стратегиялық жоспарларында және/немесе БИЖ ТЭН-інде көзделген көрсеткіштермен салыстыру арқылы БИЖ-дің қол жеткізілген тікелей нәтижелерін (өнімдер шығару, қызметтер көрсету) талдау;
- 3) БИЖ-ді іске асыруды бағалау жөнінде жиынтық есеп дайындау.

Нақты көрсеткіштердің бұрын мемлекеттік органның стратегиялық жоспарларында және/немесе БИЖ ТЭН-інде жоспарланғандардан ауытқуы анықталған БИЖ бойынша БИЖ-ді тиімді басқару мақсатында жүйелі және жедел шаралар бойынша ұсынымдар қалыптастырылады.

100. БИЖ-дің іске асырылуына бағалау жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мынадай есептілік құрамында ақпарат ұсынады:

- 1) БИЖ-дің іске асырылу барысы туралы есеп;
- 2) БИЖ-дің іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық анықтама.

101. БИЖ-дің іске асырылуын бағалау туралы есеп есепті кезеңдегі өнімдердің (қызметтердің) нақты және жоспарланған көлемі туралы ақпаратты қамтиды және осы Ережеге 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БИЖ-дің Электрондық порталына, сондай-ақ қағаз және электронды тасығыштарда

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылады.

Іске асыру барысы туралы есепте құрылыс объектісінің баланс ұстаушысы бойынша, мемлекеттің меншік объектісін қолданысқа енгізу бойынша, мемлекеттік меншік объектісін уәкілетті органдарда тіркеу бойынша ақпарат көрсетіледі.

«Ескертулер» бағанында ақпарат болмаған жағдайда осы ақпараттың болмауының себебін көрсету қажет.

Іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат осы Ережеге 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасығышта ұсынылады.

102. Республикалық меншіктегі БИЖ-ді пайдалану жөніндегі, сондай-ақ республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын аяқталуға жоспарланған бірақ есепті кезеңде аяқталмаған БИЖ жөніндегі ақпаратты тиісті орталық уәкілетті орган береді.

103. Коммуналдық меншіктегі БИЖ-ді пайдалану жөніндегі, сондай-ақ жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын аяқталуға жоспарланған бірақ есепті кезеңде аяқталмаған БИЖ жөніндегі ақпаратты тиісті жергілікті атқарушы орган ұсынады.

104. БИЖ-дің іске асырылуын бағалауды жүргізу кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғаны тартуға құқылы.

105. Республикалық БИЖ-ді іске асыруды бағалау ақпаратты республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылатын тиісті орталық уәкілетті орган бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

106. Жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жергілікті БИЖ-ді , сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланатын БИЖ-ді іске асыру жөніндегі ақпаратты бюджеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

107. Іске асырылуы барысы туралы есеп пен жиынтық анықтама БИЖ-дің Электрондық порталына, сондай-ақ қағаз және электронды тасығыштарда жылына бір рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 1 сәуірінен кешіктірмей ұсынылады.

108. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын БИЖ-дің іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі айдың 15 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

109. Жобаларды іске асыруды мониторингілеу және бағалау деректерінің негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдар қазіргі

және болжанатын әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және жергілікті атқарушы органдарға БИЖ тиімді жүзеге асыру шараларын іске асыру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар енгізе алады.

Бюджеттік инвестициялық  
жобаларды қарау, іріктеу,  
іске асыруды мониторингілеу  
және бағалау ережесіне  
1-қосымша

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ПАРАҒЫ

### ЖОБА БОЙЫНША НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

1. Жобаның атауы: \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_ Бюджеттік-бағдарлама  
әкімшісі \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_ Құрамында жобаны  
іске асыру көзделген  
Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
белгіленген стратегиялық  
бағдарламалық  
құжаттарының атауы: \_\_\_\_\_
4. Сектор: \_\_\_\_\_
5. Экономиканың саласы: \_\_\_\_\_
6. Жобаның \_\_\_\_\_ (Егер белгісіз болса, шамамен көрсету)  
күні:  
Іске асыру мерзімі: \_\_\_\_\_ ай  
Жобаның басталуы: жыл: \_\_\_\_\_ ай: \_\_\_\_\_  
Объектіні құрудың (салудың, жыл: \_\_\_\_\_ ай: \_\_\_\_\_  
қайта құрудың, жаңартудың)  
болжамды аяқталуы)
7. Жобаның жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге
8. ТЭН әзірлеудің құны \_\_\_\_\_ мың теңге
9. ТЭН түзетудің құны \_\_\_\_\_ мың теңге

### ЖОБА БОЙЫНША ЕГЖЕЙ ТЕГЖЕЙЛІ АҚПАРАТ

#### 10. ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН ОРЫН:

(Жоба іске асырылатын орынды, оның негізгі құрамдауыштарын және жоба бойынша шығындардың өңірлер бойынша бөлінуін көрсетіңіз)

10.1. Елді мекен (ауыл, аудан, қала, облыс, ел)

10.2. Теңгерім ұстаушы\*

10.3. Жоба үшін бос жердің болуы: бар (соған сәйкес жер учаскесі бөлінген және онда орналасқан жылжымайтын мүліктің шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі) жоқ (жер учаскесін сатып алу үшін қажетті сома көрсетіледі)

10.4. Инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі бар (нақты не екені көрсетіледі) жоқ (қанша қосымша шығын қажет екені көрсетіледі)

\* жаңа объект құрылған (салынған) жағдайда болашақ меншік иесі көрсетіледі, қайта жаңартылған жағдайда қазіргі меншік иесі көрсетіледі

11. Жобаның мақсаттары мен міндеттері

а) мақсаты

(Мақсат Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламалық құжаттарында белгіленген экономика саласын (аясын) дамытудың неғұрлым ауқымды міндеттерін/басымдықтарын көрсетуі тиіс)

б) сандық міндеттер

(Олар арқылы жобаның ауқымын айқындауға болатын жобаның санымен өлшенетін міндеттерін көрсетіңіз. Белгілі бір сандық көрсеткіштерді ұсыныңыз, мысалы, жоба қуаты және т.б.)

12. ЖОБАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(Жобаның және оның барлық құрамдауыштарының мазмұнын сипаттаңыз)

(Құрамдауыштар бойынша бөлуді беріңіз)

№	Жекелеген құрамдауыштар және іске асыру кезеңдері	Сандық көрсеткіштері		
		Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Құны (мың теңге)
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				

13. ЖОБАНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

(Осы жобаны іске асыру қажеттігін дәлелдеңіз. Жоба іске асырылмаған жағдайдағы салдарды сипаттаңыз)

## 14. ПАЙДА

а) жобаны іске асырудан кім ұтады?

(Жобаны іске асырудан ұтуы мүмкін адамдардың және нысаналы топтардың санын көрсетіңіз.)

Сондай-ақ жобаны іске асыруға тікелей немесе жанама тартылатын адамдардың санын бағалауды ұсыныңыз.

Қанша тұрақты жұмыс орны құрылады?

Жоба жұмыспен қамтуға, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне, бизнестің дамуына және басқаларға қалай әсер етеді?)

б) жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелерді көрсетіңіз

(Жобаны іске асыру нәтижесінде өндірілетін өнімнің оларды алушыларға әсері)

15. ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ:

(Жобаның адамдарға және қоршаған ортаға әсерін қысқаша сипаттаңыз)

16. ЖОБАНЫҢ КЕЗЕҢІ:

(Жоба жаңа болып табылатынын іске асырылып жатқанын көрсетіңіз. Жобаның дайындалу және іске асырылуы барысы туралы қысқаша ақпарат беріңіз. Жобаны дайындауға немесе іске асыруға кедергі болатын басты проблемаларды және қабылданатын шараларды көрсетіңіз)

17. ӨНІМНІҢ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТІҢ АТАУЫ

(Өндірілетін негізгі өнімді, тауарларды және/немесе қызметтерді көрсету)

18. ЖОБАНЫҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ:

18.1. Объектінің пайдаланылу (қызмет) мерзімі

18.2. Объектіні ұстауға арналған жыл сайынғы шығындар (бюджеттің деңгейін көрсете отырып)

БАЙЛАНЫС ЖАСАЙТЫН ТҰЛҒАНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

ТАӘ: \_\_\_\_\_

ЛАУАЗЫМЫ: \_\_\_\_\_

БӨЛІМШЕ/Ұйым: \_\_\_\_\_

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны: \_\_\_\_\_

Факс: \_\_\_\_\_

Электрондық пошта: \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органының бірінші басшысының Т.А.Ә. қолы  
 Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу,  
 іске асыруды мониторингiлеу және бағалау ережесiне  
 2-қосымша

**Инвестициялық ұсынысқа экономикалық қорытынды**

1.	Жобаның атауы	
2.	Жобаның қуаты	өлшем бірлігі
3.	Құрылыс мерзімі	жыл
4.	Пайдалану мерзімі	жыл
6.	Стратегиялық бағдарламалық құжаттарға сәйкестігі	құжат деректемесін көрсету
7.	Стратегиялық жоспарда анықталған міндеттерді орындаудан күтілетін нәтижелер	нысаналы индикаторлар
8.	Жобаның құны (пайдалануға берілгенге дейінгі барлық шығындар)	мың теңге
8.1.	Жерді сатып алу құны	мың теңге
9.	Пайдалану кезеңіндегі табыс/шығындардың жылдық орташа мөлшері	мың теңге
10.	Қаржыландыру көзі мен көлемі	мың теңге
11.	Қажетті құжаттаманың болуы	
12.	Бюджеттік инвестиция басымдықтарына сәйкестігі	
13.	Жобаны басқарудың институционалдық сызба нұсқасының пысықталуы (іске асырылу барысында сияқты, постинвестициялық кезеңдегі жобаның барлық қатысушылары туралы ақпарат, олардың өзара іс-қимылдары)	
14.	тікелей нәтиженің өлшемді (сандық) көрсеткіштерінің болуы;	
15.	тәуекелді бағалау тұрғысынан жобаның іске асырылу мүмкіндігі;	
16.	іске асырылу немесе түзету құны есебінің негізділігі, сондай-ақ БИЖ ТЭН-ге қажетті сараптамалар жүргізу (ЖСҚ әзірлеу (байланыстыру) және оған сараптама жүргізу бойынша құны есебінің негізділігі)	
17.	Жобаның іске асырылу басымдығы.	

**Стратегиялық міндеттерді атқару шығындары есебі**

Стратегиялық жоспарда анықталған міндеттерді орындау құны = пайдалану кезеңіндегі табыс/шығындардың жылдық орташа мөлшері * пайдалану кезеңі + жоба құны	мың теңге
--	-----------

Қорытындылар:

Қазақстан Республикасы  
 Экономикалық даму және сауда  
 министрлігінің өкілетті тұлғасы қолы Т.А.Ә.  
 Бюджеттік инвестициялық  
 жобаларды қарау, іріктеу,  
 іске асыруды мониторингілеу  
 және бағалау ережесіне  
 3-қосымша

### Бюджеттік инвестициялық жобаларға экономикалық қорытынды

1.	Жобаның атауы	
2.	Жобаның қуаты	өлшем бірлік
3.	Құрылыс мерзімі	жыл
4.	Пайдалану мерзімі	жыл
6.	Стратегиялық бағдарламалық құжаттарға сәйкестігі	құжат деректемесін көрсету
7.	Стратегиялық жоспарда анықталған міндеттерді орындаудан күтілетін нәтижелер	нысаналы индикаторлар
8.	Жобаның құны (пайдалануға берілгенге дейінгі барлық шығындар)	мың теңге
8.1.	Жерді сатып алу құны	мың теңге
9.	Пайдалану кезеңіндегі табыс/шығындардың жылдық орташа мөлшері	мың теңге
10.	Қаржыландыру көзі мен көлемі	мың теңге
	Жоба бойынша құжаттаманың құрамы, оның ішінде «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ» экономикалық сараптамасының қорытындысы	Экономикалық сараптама жүргізгенде ескерілген құжаттар мен материалдарды көрсету; берілген құжаттар құрамына ескертулер
	Техника-технологиялық шешімдерді бағалау, оның ішінде: 1) Жобаны іске асырудың үздік нұсқалары негізділігін бағалау; 2) Жобаны іске асырудың таңдалған орны негізділігін бағалау.	
	Институционалдық шешімдерді бағалау, оның ішінде: 1) іске асырылудың әр кезеңіндегі жобаны басқарудың сызба нұсқасының баламалы нұсқаларын, басқару құрылымын, тиімді сызба нұсқа әзірлеуді бағалау	
	тәуекелдерді бағалау, оның ішінде: 1) тәуекелдің негізгі факторларын анықтайтын әлеуметтік тәуекелдерді бағалау; 2) тәуекелдің негізгі факторларын, тәуекелді төмендету бойынша болжамды шараларды, өзгерістердің болжамды сипаты мен диапазонын анықтайтын экономикалық тәуекелдерді бағалау; 3) тәуекелдің негізгі факторларын, тәуекелді төмендету бойынша болжамды шараларды, өзгерістердің болжамды	

	сипаты мен диапазонын анықтайтын техникалық тәуекелдерді бағалау.	
	«Әлеуметтік әсерді бағалау, оның ішінде: 1) салада жобаның іске асырылмауы есебінен даму болашағы мен аймақтағы әлеуметтік жағдайды бағалау, жобаны іске асыру болжанған (халықтың табысы, жұмысбастылық деңгейі) аумақ пен Қазақстан халқының өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің мәні, болашақта болжанған және соңғы үш жылдағы серпіні к ө р с е т і л у і т и і с ; жобаны іске асыруды ескере отырып әлеуметтік жағдайдың б о л а ш а ғ ы н т а л д а у ; 2) халықтың әлеуметтік-мәдени және демографиялық сипаттамасы тұрғысынан жобаның негізділігіне, соның ішінде концессияның схемасы бойынша Жобаны іске асыру кезінде халықтың өнімді (тауар, қызмет) тұтынғаны үшін ақы төлеу даярлығына бағалау жүргізу; 3) жобаның жұмысшылар санаттары бойынша еңбек ресурстарына қажеттілігіне әр кезеңде олардың біліктілігіне қойылатын талаптарға және оның Қазақстан Республикасы халқының жұмысбастылығына әсеріне бағалау жүргізу; 4) жобаны іске асыру шеңберінде жұмысшылар мен мамандарды оқыту мен қайта даярлау бағдарламасына б а ғ а л а у ж ү р г і з у ; 5) әлеуметтік инфрақұрылым дамуының мақсаттылығына қажеттілігіне бағалау жүргізу; 6) жобаның қоғамдық қажеттілігіне ( әлеуметтік-экономикалық) бағалау жүргізу.	

### Стратегиялық міндеттерді орындау шығындарының есебі

Стратегиялық жоспарда анықталған міндеттерді орындау құны = пайдалану кезеңіндегі табыс/шығындардың жылдық орташа мөлшері * пайдалану кезеңі + жоба құны	мың теңге
--	-----------

### **Қ о р ы т ы н д ы л а р :**

(Қорытындылар анық және нақты болуы қажет. Саланы дамытудың стратегиялық бағыттарын орындауға жобаның оң және теріс әсері көрсетіледі)

Қ а з а қ с т а н Республикасы

Экономикалық даму және сауда

министрлігінің өкілетті тұлғасы қолы Т.А.Ә.

Бюджеттік инвестициялық

жобаларды қарау, іріктеу,

іске асыруды мониторингілеу

және бағалау ережесіне

4-қосымша

### **Сметалық құнын ұлғайту болжанатын жоба бойынша салыстырма кесте**

--	--	--	--	--



Р/с №	Жобаның атауы	Құрамдауыштың атауы	Бастапқы құны (мың теңге)			Түзетілген құны (мың теңге)			Айырма мың теңге (+) - ұлғаю, (-) - азаю		
			барлығы	оның ішінде СМЖ	оның ішінде жабдықтар	барлығы	оның ішінде СМЖ	оның ішінде жабдықтар	жиыны	оның ішінде СМЖ	оның ішінде жабдықта

М.О. \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органының бірінші басшысының Т.А.Ә. қолы  
 Бюджеттік инвестициялық  
 жобаларды қарау, іріктеу,  
 іске асыруды мониторингiлеу  
 және бағалау ережесiне  
 5-қосымша

**Сметалық құнын ұлғайту болжанатын жобалар бойынша құжаттамалар тізбесі**

Р/с №	Жобаның атауы	Құжаттамалардың болуы (құжаттың № және күні)					
		Салалық қорытынды	Мемлекеттік қаржылық бақылау органының актісі	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті органның бұйрығы		ЖСҚ-ға мемлекеттік сараптаманың қорытындысы	
				бастапқы құнына	түзетілген құнына	бастапқы құнына	түзетілген құнына

М.О. \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органының бірінші басшысының аты-жөні қолы  
 Бюджеттік инвестициялық  
 жобаларды қарау, іріктеу,  
 іске асыруды мониторингiлеу  
 және бағалау ережесiне  
 6-қосымша

**Іріктеп алынған инвестициялық ұсыныстардың тізбесі**

--	--	--	--	--	--	--	--



							құрамдауыштың атауы	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Қорғаныс											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік құқық, сот, қылмыстық атқару қызметтері											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Білім беру											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Денсаулық сақтау											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру											
							құрамдауыш 1				

							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				
Сала бойынша жиыны											
Көлік және коммуникация											
							құрамдауыш 1				
							құрамдауыш 2				
							құрамдауыш n				





С а л а бойынша жиыны																				
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қоршаған ортаны және жануарлар дүни																				
С а л а бойынша жиыны																				
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі																				
С а л а бойынша жиыны:																				
Көлік және коммуникация																				
С а л а бойынша жиыны:																				
Басқалары																				
С а л а бойынша жиыны:																				
РББӘ және ЖАО																				

М.О. \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органының бірінші басшысының Т.А.Ә. қолы  
 Бюджеттік инвестициялық  
 жобаларды қарау, іріктеу,  
 іске асыруды мониторингілеу  
 және бағалау ережесіне  
 9-қосымша

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_

**бюджеттік инвестициялық жобалардың мониторингі бойынша есепке  
 ЖИЫНТЫҚ АНЫҚТАМА**

( Р Б Б Ә немесе Ж А О )

Жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге

(жобалардың құны көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылуда, оның ішінде  
( с а н ы )

20 \_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ бюджет қаражаты есебінен  
(ағымдағы жыл) (республикалық немесе жергілікті)  
\_\_\_\_\_ мың теңге бөлінді.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру жоспары 20 \_\_\_\_\_ жылғы  
( е с е п т і к е з е ң )

\_\_\_\_\_ мың теңгені құрады.

Кассалық атқарылу 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
( е с е п т і к е з е ң )

\_\_\_\_\_ мың теңгені құрады.

Есепті кезеңге арналған жоспармен салыстырғанда игерілмеген сома \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады.

1. Есепті кезеңде жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге  
\_\_\_\_\_ бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруды аяқтау (саны)  
жоспарланды, олар бойынша 20 \_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ мың теңге бөлінді.  
( а ғ ы м д а ғ ы ж ы л )

Қаржыландыру жоспары 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ мың  
( е с е п т і к е з е ң )

теңгені құрады, кассалық атқарылу \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе  
\_\_\_\_\_ % - д ы \_\_\_\_\_ құрады .

\_\_\_\_\_ салдарынан есепті кезеңге арналған  
( с е б е б і н к ө р с е т у )

жоспармен салыстырғанда игерілмеген сома \_\_\_\_\_ мың теңгені  
немесе \_\_\_\_\_ % - д ы \_\_\_\_\_ құрады .

О н ы ң і ш і н д е :

1) есепті кезеңде жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру толығымен  
( с а н ы )

аяқталды, оның ішінде 20 \_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ мың теңге бөлінді.  
( а ғ ы м д а ғ ы ж ы л )

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаржыландыру жоспары \_\_\_\_\_ мың  
( е с е п т і к е з е ң )

теңгені құрады, кассалық атқарылу \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе  
\_\_\_\_\_ % - д ы \_\_\_\_\_ құрады .

Аяқталған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша мынадай тікелей  
нәтижелерге \_\_\_\_\_ қол \_\_\_\_\_ жеткізілді:



- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_;
- 4) \_\_\_\_\_;
- n) \_\_\_\_\_;

(мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында және бағдарламалық құжаттарында көзделген индикаторларға сәйкес қол жеткізілген нәтижелерді көрсету қажет)

\_\_\_\_\_ салдарынан есепті кезеңге арналған \_\_\_\_\_ (себебін көрсету) жоспармен салыстырғанда игерілмеген сома \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады;

2) жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге \_\_\_\_\_ бюджеттік инвестициялық \_\_\_\_\_ (саны) жоба аяқталған жоқ, оның ішінде 20 \_\_ жылы \_\_\_\_\_ мың теңге бөлінді. \_\_\_\_\_ (ағымдағы жыл)

20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаржыландыру жоспары \_\_\_\_\_ мың теңгені \_\_\_\_\_ (есепті кезең) құрады, кассалық атқарылу \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады.

\_\_\_\_\_ салдарынан есепті кезеңге арналған жоспармен \_\_\_\_\_ (себебін көрсету) салыстырғанда игерілмеген сома \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады.

Жобаларды іске асыру мынадай себептерге байланысты аяқталмады:  
 - объектіні пайдалануға мемлекеттік қабылдау рәсімдерінің ұзақ жүргізілуіне байланысты \_\_\_\_\_ объект \_\_\_\_\_ пайдалануға беріледі; \_\_\_\_\_ (саны) \_\_\_\_\_ (пайдалануға беру күні)

- жобалық және техникалық шешімдердің өзгеруіне байланысты инвестициялық жобалар құнының қымбаттауы салдарынан \_\_\_\_\_ (саны) объект \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ аяқталады;

\_\_\_\_\_ (пайдалануға беру күні) \_\_\_\_\_ жоба мемлекеттік сатып алу рәсімдерін уақтылы жүргізбеу \_\_\_\_\_ (саны)

және/немесе созылмалы сипатта жүргізу салдарынан (конкурсты кеш, қайталап өткізу, әлеуетті өнім берушілердің болмауы);

- \_\_\_\_\_ жоба шарт тараптарының өз міндеттемелерін уақтылы \_\_\_\_\_ (саны)

және адал орындамауына байланысты;  
- және басқалары (басқа себептерді сипаттау).

Бюджеттік инвестициялық жобаларды аяқтау жөнінде қабылданған шаралар.

2. Есепті кезеңде жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге \_\_\_\_\_  
(саны) бюджеттік инвестициялық жоба іске асырылуда, оларды аяқтау мерзімі мемлекеттік органның стратегиялық және операциялық жоспарына сәйкес кейінгі жылдары көзделген, олар бойынша 20 \_\_\_\_  
жылы \_\_\_\_\_ мың теңге  
(ағымдағы жыл)

бөлінді.

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаржыландыру жоспары \_\_\_\_\_ мың теңгені  
(есепті кезең)  
құрады, қасалық атқарылу \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады.  
\_\_\_\_\_ салдарынан есепті кезеңге арналған жоспармен (себепін көрсету)  
салыстырғанда игерілмеген сома \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе %-ды \_\_\_\_\_ құрады.

Оның ішінде салалар бойынша:

### **Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер**

Жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге \_\_\_\_\_ жоба іске асырылуда.  
Бұл жобаларды іске асыруға 20 \_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ мың теңге бөлінді.  
20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаржыландыру жоспары \_\_\_\_\_ мың  
(есепті кезең)  
теңгені \_\_\_\_\_ құрады.

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қасалық атқарылу \_\_\_\_\_ мың теңгені  
(есепті кезең)

құрады.

Есепті кезеңге арналған жоспармен салыстырғанда игерілмеген сома \_\_\_\_\_  
мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады.

1. Жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге \_\_\_\_\_  
(саны)

бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруды аяқтау жоспарланды, олар бойынша 20 \_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ мың теңге бөлінді.  
(ағымдағы жыл)

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаржыландыру жоспары \_\_\_\_\_ мың теңгені  
(есепті кезең)  
құрады, қасалық атқарылу \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады.

\_\_\_\_\_ салдарынан есепті кезеңге арналған  
(себебін көрсету)  
жоспармен салыстырғанда игерілмеген сома \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе  
\_\_\_\_\_ %-ды құрады.

Оның ішінде:

1) жалпы құны \_\_\_\_\_ мың теңге \_\_\_\_\_ бюджеттік инвестициялық  
(саны)  
жобаны іске асыру толығымен аяқталды, оның ішінде 20 \_\_\_\_\_ жылы  
(ағымдағы жыл)  
\_\_\_\_\_ мың теңге бөлінді.

20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаржыландыру жоспары \_\_\_\_\_ мың теңгені құрады,  
(есепті кезең)  
кассалық атқарылу \_\_\_\_\_ мың теңгені немесе \_\_\_\_\_ %-ды құрады.

Аяқталған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында және бағдарламалық құжаттарында көзделген индикаторларға сәйкес қол жеткізілген тікелей нәтижелерді көрсету қажет.

\_\_\_\_\_ салдарынан есепті кезеңге арналған  
(себебін көрсету)  
